

Жаңақорған ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 381 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 желтоқсанда № 7004 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 116 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 29.11.2021 № 116 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Кодексінің 19-1 бабының 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңақорған ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеуге арналған тарифтері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақорған аудандық мәслихатының
кезектен тыс XXXIX сессиясының төрағасы*

Жаңақорған аудандық мәслихат хатшысы

Ж. Аманбеков

Е. Ильясов

Жаңақорған аудандық мәслихатының
2019 жылғы 29 қарашадағы №381
шешіміне қосымша

Жаңақорған ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеуге арналған тарифтер

№	Атауы	Есептік бірлік	Бағасы (теңге)
1	жеке тұлғалар үшін (жайлы емес үйлер)	айына 1 адамға	55
2	заңды тұлғалар үшін	1 текше метр	1400

